

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 917 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 1570 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 5 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.**

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 16-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 138-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 917 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 26, 273-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ереже осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2005 жылғы 4 мамырдағы  
N 1570 Жарлығына  
ҚОСЫМША  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2002 жылғы 5 тамыздағы  
N 917 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Республикалық бюджеттің атқарылуын  
бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі - Есеп комитеті) мәртебесін, өкілеттіктерін және жұмысының ұйымдастырылуын айқындайды.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік қаржы бақылауының жоғары органы болып табылады.

2. Есеп комитетінің негізгі міндеттері:

1) республикалық бюджеттің атқарылу мәселелерін реттейтін бюджеттік заңнама және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылау;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің республикалық бюджеттің атқарылуына байланысты мәселелер бойынша тапсырмаларын орындау;

3) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын бақылау;

4) республикалық бюджет қаражатының, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген займдардың, мемлекет міндеттемелерін өтеуге республикалық бюджеттен берілген қаражаттың, байланысқан гранттардың, мемлекет активтерінің нысаналы әрі тиімді пайдаланылуына бақылау болып табылады.

3. Есеп комитеті мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Есеп комитетінің құқықтық ережесі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалады.

5. Есеп комитетінің құрамы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 7) тармақшасына және 57-бабының 1) тармақшасына сәйкес қалыптасады.

6. Есеп комитетінің құрылымын Есеп комитетінің Төрағасы, Есеп комитетінің мүшелері мен аппараты құрайды.

7. Есеп комитетінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

## **2. Есеп комитетінің функциялары**

## 8. Есеп комитеті:

1) республикалық бюджеттің орындалуына сыртқы бақылауды жүргізу тәртібін белгілейді;

2) бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау кезінде бюджет бағдарламаларының тиімділігіне бағалауды жүргізу тәртібін айқындайды;

3) ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік қаржы бақылау стандарттарын әзірлейді, сондай-ақ оларды бекітеді және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) мыналарға:

республикалық бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына;

республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтылығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік органдар мен барлық меншік нысанындағы ұйымдардың қызметіне, сондай-ақ республикалық бюджеттен түскен түсімдер сомаларының қайтарылуына;

бюджет инвестицияларына;

төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуына;

мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінің республикалық бюджет түсімдері мен шығыстары атқарылуының сәйкестілігіне, қаржы есептілігіне және тиімділігіне;

бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне Есеп комитетінің жұмысы туралы ақпаратты тоқсан сайын ұсынады;

6) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылаудың талдауына, қорытындылары мен нәтижелеріне, салықтардың және басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің толықтылығы мен уақтылылығына, бюджет қаражатының нысаналы және тиімді пайдаланылуына байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, сондай-ақ басқа да жекелеген тапсырмаларды орындайды;

7) өзінің мазмұны жағынан республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі бойынша қорытынды болып табылатын және оны Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жататын өткен қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады;

8) ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған республикалық бюджеттің атқарылуына жасалған бақылау актілерін талдайды және

республикалық бюджеттің атқарылуына ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметіне, тиісті ішкі бақылау қызметтеріне ұсынымдар береді;

9) республикалық бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінің лауазымды адамдарының іс-әрекетіндегі қылмыстың немесе әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де бұзылу фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға береді;

10) мемлекеттік бюджет саясатын іске асыруға қатысады;

11) сыртқы бақылау саласында кадрлардың біліктілігін көтеруді және оларды қайта даярлауды ұйымдастырады;

12) өз өкілеттіктерінің шегінде бюджет қаражатын игерудің барлық кезеңдерінде бюджет қаражатын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың, қаржы қызметтерін, оның ішінде азаматтық-құқықтық мәмілелер негізіндегі қаржы қызметтерін көрсететін адамдардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

13) республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атқарылуының тиімділігі мен нәтижелілігіне баға береді;

14) мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламалардың іске асырылуының тиімділігіне баға береді;

15) республикалық бюджеттің атқарылуына ықпал ететін нормативтік құқықтық актілердің қолданысы бойынша ұсынымдар әзірлейді және енгізеді;

16) республикалық бюджет қаражатының толық түсуіне және жұмсалуына қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, мемлекеттік органдардан, басқа да мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен және (немесе) қаржы нарығын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органнан және қаржы ұйымдарынан қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және оларды алады;

17) республикалық бюджеттің атқарылуы мәселелері бойынша мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінің лауазымды адамдарының есебін тыңдайды;

18) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінің лауазымды адамдарының сақтамауы жөнінде анықталған фактілер бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным береді;

19) мемлекеттік органдардан және мемлекеттік қаржы бақылау объектілерінен республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді өзі белгілеген мерзімде алады;

20) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, республикалық бюджет қаражатының нысаналы, негізді және тиімді пайдаланылмауын анықтау және оған жол бермеу жөнінде шаралар қолданады;

21) республикалық бюджеттің атқарылуы, байланысқан гранттарды тарту мен оларды пайдалану мәселелеріне қатысты құжаттамамен құпиялылық режимінің, қызмет бабындағы, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын ескере отырып, кедергісіз танысады;

22) республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын және қажет болған жағдайда республикалық бюджеттен осы мақсатқа бөлінген қаражаттар шегінде қызметтеріне ақы төлей отырып, аудиторлық ұйымдардың мамандары мен сарапшыларды тартады;

23) шетел мемлекеттерінің қаржы бақылау органдарымен және олардың халықаралық бірлестіктерімен байланыс жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен олармен ықпалдастық туралы шарттар мен келісімдер жасасады және халықаралық ұйымдардың құрамына кіреді;

24) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына өзінің қызметі туралы ақпаратты ұдайы ұсынып отырады;

25) өзі қабылдаған актілердің мерзімді жинақтарын, бюллетеньдер, журналдар мен басқа да басылымдар шығарады.

### **3. Есеп комитетінің жұмысын ұйымдастыру**

9. Есеп комитетіне Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайтын Төраға басшылық етеді.

10. Есеп комитетінің Төрағасы:

1) Есеп комитетінің қызметіне басшылық етеді, өзіне жүктелген тапсырмалар мен міндеттемелердің орындалуына Қазақстан Республикасы Президентінің алдында дербес жауапты болады;

2) Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларын бекітеді;

3) Есеп комитетінің лауазымды адамдарының арасындағы міндеттерді бөледі, Есеп комитеті мүшелерінің және оның аппаратының жұмысын ұйымдастырады;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Есеп комитетінің отырыстарында қабылданған қаулылар мен өзге де актілерге қол қояды;

5) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Есеп комитетінің жалпы штат саны және республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде Есеп комитеті аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

6) жұмыс учаскелерін, талдау және бақылау объектілерінің тізбесін бекітеді;

7) Есеп комитетінің жылдық жұмыс жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын бақылау іс-шараларының жоспарларын бекітеді, тексерулердің кезеңділігі мен ұзақтығын айқындайды;

8) Есеп комитетінің мүшелеріне тексеру жүргізуге тапсырмалар береді;

9) Есеп комитеті қызметінің регламентін бекітеді;

10) Есеп комитеті аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) республикалық және шетел ұйымдарымен өзара қарым-қатынастарда Есеп комитетінің атынан өкілдік етеді;

12) Есеп комитеті Төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші және консультативтік-сараптамалық органдар құрады;

13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары алқасының отырыстарына қатысуға хақылы;

14) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелеріне қатысты құжаттамамен құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын ескере отырып, кедергісіз танысады;

15) бақылау объектілерінен бақылау іс-шараларын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өзі белгілеген мерзімде алады;

16) заңдарда көзделген жауапкершілікте болады;

17) осы Ереженің 17-тармағында көзделген негіздемелер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған Есеп комитеті мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс береді;

18) өзі болмаған жағдайда Есеп комитеті Төрағасының міндетін Есеп комитеті мүшелерінің біріне жүктейді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11. Есеп комитетінің мүшелері:

1) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайды, тексерілетін бақылау объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі жасамауы және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпауы қажет;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары алқасының отырыстарына қатысуға хақылы;

3) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелеріне қатысты құжаттамаға құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардың сақталуын ескере отырып, кедергісіз қол жеткізе алады;

4) бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өздері белгілеген мерзімдерде алады;

5) өз құзыреті шегінде өздері жетекшілік ететін қызмет бағыттарының мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдайды;

6) бақылауды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті ресурстардың көлемін анықтай отырып, өз құзыреті шегінде тексеру бағдарламаларын бекітеді;

7) Есеп комитеті аппаратының қызметкерлеріне тексерулер жүргізуге тапсырмалар береді;

8) республикалық бюджеттің атқарылуына бақылауды қамтамасыз ететін бақылау-ревизиялық, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық және өзге де қызметтерді ұйымдастырады;

9) заңдарда көзделген жауапкершілікте болады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Өз өкілеттіктерін іске асыру үшін Есеп комитетінің Төрағасы және мүшелері:

1) өзінің мазмұны жөнінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебінің қорытындысы болып табылатын аяқталған қаржылық жыл үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне жылдық есеп жасайды;

2) бақылау нәтижелері бойынша актілерді қабылдайды;

3) бақылау актілері негізінде тексеру нәтижелері туралы қорытындылар жасайды;

4) Есеп комитетінің қаулыларын қабылдайды;

5) мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және лауазымды адамдарға республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы, құқық қорғау органдарына - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша ұсынымдар жолдайды.

13. Анықталған кемшіліктерді жою, мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру және Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік органдар мен

ұйымдардың басшыларына жіберілген Есеп комитетінің қаулылары мен ұсынымдары оларда белгілеген мерзімдерде немесе, егер мерзімі көрсетілмеген болса, оларды алған күннен бастап жиырма күн ішінде қаралуға тиіс.

14. Тиісті мемлекеттік орган және ұйым қаулы мен ұсыным бойынша қабылданған шешім туралы және оны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Есеп комитетін дереу хабардар етеді.

15. Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне Қазақстан Республикасының Президенті қол қоятын, белгіленген үлгідегі куәліктер беріледі.

16. Республика Президенті тағайындаған Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктері Республика Президентінің шешімімен тоқтатылады.

17. Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелері:

1) орнынан түсуінің қабылдануы;

2) оларға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

3) белгіленген тәртіппен іс-әрекет қабілеті шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз деп танылуы;

4) анттарын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және осы Ережені бұзуы, өздерінің мәртебесімен сыйыспайтын әрекеттерге баруы;

5) қайтыс болуы себепті, сондай-ақ хабарсыз кеткен немесе дүние салған деп танылған жағдайда мерзімінен бұрын қызметінен босатылуы мүмкін.

18. Аппарат қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, сондай-ақ олардың мемлекеттік қызметті өткеру жағдайлары мемлекеттік қызмет туралы, еңбек туралы заңнамамен, осы Ережемен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

19. Есеп комитетінің төрағасы Есеп комитетінің құзыреті шегінде бақылау іс-шараларын жүргізуге қатысуға хақылы Есеп комитеті аппараты қызметкерлерінің шеңберін айқындайды.

20. Есеп комитетінің отырыстарында Есеп комитетінің жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру мәселелері, бақылау іс-шараларының нәтижелері, Есеп комитетінің Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, мемлекеттік органдардың басшыларына жолданатын есептерін, ақпараты мен қорытындыларын дайындау қаралады.

21. Есеп комитетінің отырыстарын жүргізудің тәртібі, жұмысты ұйымдастыру мәселелері және республикалық бюджеттің атқарылуына бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да мәселелер Есеп комитетінің регламентімен айқындалады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

22. Есеп комитеті Төрағасының лауазымы материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету, сондай-ақ көлік қызметін көрсету жағдайлары



бойынша министрдің лауазымына, ал Есеп комитеті мүшелерінің лауазымдары вице-министрдің лауазымына теңестіріледі.

23. Есеп комитеті қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және оған көлік қызметін көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК